

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
« 23 » сәуір 2025ж. № хаттама
Ғылыми кеңесінің төрағасы
Т.А. Ахмедьяров



6B02149 «ЭСТРАДА ӨНЕРІ - ЭСТРАДА КОМПОЗИТОРЫ, ДЫБЫС ӨНДЕУШІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шектік балл
«Музыкатану және композиция»	6B02149 «Эстрада өнері - Эстрада композиторы, дыбыс өңдеуші»	Қазақ Орыс	Арнайы мамандандырылған мектеп музыкалық колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық бойынша талаптар:

Емтихан тапсырушы комиссияға эстрадалық жанрларда (ән, романс, аспаптық пьеса) өзінің жеке шығармаларын ұсынуы керек.

Кез-келген шығарманың өзіндік эстрадалық түрде әрлендіріп көрсету. Шығармалар автордың орындауында немесе жазбалары міндетті түрде нотасымен көрсетіле отырып, тыңдалады.

Коллоквиум

Коллоквиум оқуға түсушінің жалпы мәдени деңгейін, оның музыкалық сауатын, музыка тарихының негізгі кезеңдері мен даму заңдылықтарын, қазақ және шетелдік классикалық және қазіргі заманғы музыкалық әдебиет, аралас өнер туындыларымен танысуды анықтайды. Коллоквиумда музыкалық-теориялық пәндер бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Сольфеджио Жазбаша

- I-туыстық дәрежесіндегі қос дауысты диктант ауытқулармен және ырғақты (синкопалар мен триоль) қиындықтарды қамтитын джаз әуенінің элементтерімен,
- Жазу уақыты - 30 минут, ойнатулар саны – 10.

Ауызша

- Мажор мен минорлық гаммалардың үш түрін айту (табиғи, үйлесімді және әуенді);
- Диатоникалық лад сатыларын, дыбыстан және тональдық аралықтарды (үштондар, тән аралықтар босатумен), мажор мен минорлық үшдыбыстықтарды айналымдармен, ұлғайтылған және кішірейтілген үшдыбыстықтардың негізгі түрін, D7 айналымдармен, II7 айналымдармен, VII7 негізгі түрін айту және тыңдап анықтау;
- Мажор мен минорда қозғау элементтерімен, қарама қарсы тональдықке немесе доминанталық тональдықке ауытқулармен, 2/4, 3/4, 4/4, 6/8 өлшемдерде жазылған бір дауысты әуендерді парақтан оқу.

Бастауыш музыка теориясы

Жазбаша

- Кез келген дыбыстан мажорлық және минорлық гамманың 3 түрін құру (табиғи, үйлесімді және әуенді); хроматикалық гамманы; қос үйлесімді мажор мен минорды; халық ладтарды; пентатониканы; дыбыстан және тональдықта қарапайым және құрамдас аралықтарды, соның ішінде үштондарды, тән аралықтарды, кішірейтілген терциялармен ұлғайтылған сексталарды жоғарыға және төменге құру;
- Диатоникалық және хроматикалық аралықтарды анықтау, босату, және олардың қай тональдықта кездесетінін табу; дыбыстан жоғарыға және астыға мажорлықпен минорлық үшдыбыстықтарды айналымдармен, ұлғайтылған және кішірейтілген үшдыбыстықтарды негізгі түрде құру.

- Кіші мажорлық септаккорд айналымдармен (D7), кіші минорлық септаккорд айналымдармен (H7), кіші кішірейтілген квинтасымен септаккорд айналымдармен, кішірейтілген септаккорд айналымдармен; олардың қандай тональдықта кездесетінің анықтап тұрақты дыбыстарға босату;
- Берілген аккордтарды анықтау, оның ішінде үлкен мажорлық, үлкен минорлық және ұлғайтылған септаккордтар негізгі түрде. Оларды босатып қай тональдықтерде кездесетінің белгілеу.
- тональдықта аккорд тізбегін құру, мысалыға:
- VII7 – D65 – T – T6 – S53 – D2 – T6 – T
- Қарапайым немесе күрделі өлшемде жазылған кішігерім ұзындының ұзақтықтарын топтап такт сызықтарды салу;.
- *Ауызша*
- Секвенцияларды ойнау;
- Бастауыш музыка теориясы және гармония пәндері бойынша сұрақтар.

• **Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:**

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан
45-50	Шығарылған пьесалардың тұжырымдамасын түсіндіре отырып, кез келген музыкалық аспапта өз шығармаларын сапалы орындау. Толық, дұрыс және ұқыпты нотациясымен. Музыкалық терминологияны дұрыс қолдану. Музыкалық әдебиетті өте жақсы білу.	45-50	Тапсырма мінсіз, қатесіз және ескертусіз шешілді; Диктант қатесіз, дұрыс жазылды. Секвенция ырғақ жағынан дәл, бір екпінде тоқталмай орындалған, секвенция типін емтихан алушы ұсынады. Ән интонациялық жағынан анық, ырғағы жағынан дәл. Музыка теориясы пәні бойынша мінсіз жауап.
40-44	Шығарылған пьесалардың тұжырымдамасын түсіндіре отырып, кез келген музыкалық аспапта қз шығармаларын сапалы орындау. Толық, дұрыс нотациясы шамалы дәлсіздіктермен. Музыкалық терминологияны дұрыс қолдану. Музыкалық әдебиетті өте жақсы білу.	40-44	Сауатты жазылған жазбаша жұмыста аз қателері бар; Диктант толық жазылған, бірақ аздаған қателер болды. Секвенция ырғақ жағынан дәл, бірақ сәл тоқтаулармен орындалған, секвенция типін емтихан алушы ұсынған. Ән интонациялық жағынан анық, ырғағы жағынан дәл, бірақ сенімсіз айтылды. Музыка теориясы пәні бойынша білімі өте жақсы.

35-39	Шығарылған пьесалардың тұжырымдама түсінігін бермей, кез келген музыкалық аспапта өз шығармаларын сапалы орындау. Толық, дұрыс нотациясы шамалы дәлсіздіктермен. Музыкалық терминологияны дұрыс қолдану. Музыкалық әдебиетті жақсы білу.	35-39	Жазбаша жұмыстың шамалы қателері бар. Диктант толық жазылды, бірақ аздаған қателер ырғақ пен әуенінде кездесті. Секвенция шамалы қателермен орындалған, секвенция типін талапкер өзі таңдайды. Ән айту жағынан анық, бірақ ырғағы қателермен. Музыка теориясы пәні бойынша білімі жақсы
30-34	Шығарылған пьесалардың тұжырымдама түсінігін бермей, кез келген музыкалық аспапта өз шығармаларын орта деңгейде орындау. Толық нотация аз қателермен. Әрқашанда музыкалық терминологияны дұрыс қолданбау. Музыкалық әдебиетті орташа білу.	30-34	Аз қателері бар орындалған жазбаша жұмыс; Диктант толық жазылды, бірақ әуенмен ырғағында аз қателері бар; Секвенцияның ырғағы дәл емес және екпіні сақталмаған, секвенция типін талапкер өзі таңдайды. Ән айту жақсы, бірақ ырғақта сәл қателері бар; Музыка теориясы пәні бойынша жауаптар әрқашанда да дәл емес.
25-29	Шығарылған пьесалардың тұжырымдама түсінігін бермей, кез келген музыкалық аспапта өз шығармаларын орта деңгейден төмен орындау. Толық нотация, бірақ қателері бар. Музыкалық терминологияны дұрыс қолданбау. Музыкалық әдебиетті орташа білу.	25-29	Жазбаша жұмыс көптеген қателіктермен орындалды; Диктант толық жазылған, бірақ маңызды қателермен; Секвенцияның аяғына дейін орындалмаған, секвенция типін талапкер өзі таңдайды. Ән айту дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді; Музыка теориясы пәні бойынша жауаптар әрқашанда да дұрыс емес.
20-24	Шығарылған пьесалардың тұжырымдама түсінігін бермей, кез келген музыкалық аспапта өз шығармаларын төмен деңгейде орындау. Нотация көп қателермен жазылған. Музыкалық терминологияны дұрыс қолданбау. Музыкалық әдебиетті нашар білу.	20-24	Жазбаша жұмыста өрескел қателіктер жіберілген; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар; Секвенция қателіктермен және тоқтаурамен ойналып аяғына дейін орындалмаған, секвенция типін талапкер өзі таңдайды. Ән айту дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді; Музыка теория пәні бойынша үзінді жауаптар.
15-19	Шығармаларының авторлық орындаудың болмауы. Оларды тек аудио немесе бейнежазба түрде ұсынуы. Ноталық жазба толық емес түрде көп қателермен жазылған. Ноталық жазбаларда музыкалық терминологияның болмауы. Музыкалық әдебиетті нашар білу.	15-19	Жазбаша жұмыс аяғына дейін жазылмаған; Диктант көптеген қателіктермен жазылған, бірақ негізгі фрагменттер бар; Секвенция көп қателіктермен ырғақтан тыс орындалған, секвенция типін талапкер өзі таңдайды. Ән айту дәл емес, үнемі түзетуді қажет етеді; Таяз теориялық білім.

10-14	Шығармаларының авторлық орындаудың болмауы. Оларды тек аудио немесе бейнежазба түрде ұсынуы. Ноталық жазба толық емес түрде көп қателермен жазылған. Ноталық жазбаларда музыкалық терминологияның болмауы. Музыкалық әдебиетті өте нашар білу.	10-14	Жазбаша жұмыста көп қателері жіберіліп аяғына дейін жазылмаған; Диктант толық жазылмаған, қателері көп; Секвенцияның екі буыны қателермен орындалған; Ән айту дәл емес; Теориялық білімді нашар меңгеру
5-9	Шығармаларының авторлық орындаудың болмауы. Олардың аудио немесе бейнежазбаларының болмауы. Ноталық жазбаның болмауы немесе толық емес түрде көп қателермен жазылған. Музыкалық терминология мен музыкалық әдебиетті білмеу.	5-9	Жазбаша жұмыста көп қателері жіберіліп аяғына дейін жазылмаған; Диктант аяғына дейін жазылмаған; Секвенция орындалмаған; Ән айту фрагменттік қателермен; Теориялық материалға ие емес.
0-4	Шығармаларының авторлық орындаудың болмауы. Олардың аудио немесе бейнежазбаларының болмауы. Ноталық жазбаның болмауы немесе толық емес түрде көп қателермен жазылған. Музыкалық терминология мен музыкалық әдебиетті білмеу. Келесі емтиханға өтпейді.	0-4	Жазбаша жұмыс жазылмаған; Диктант аяғына дейін аяқталмаған; Секвенция орындалмаған; Ән айту фрагменттік қателермен; Теориядан білімі жоқ. Келесі емтиханға өтпейді.

Байланыс ақпараты:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: mus.komp2020@gmail.com

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Останькович Дмитрий Валерьевич 

Кафедра меңгерушісі: Акпарова Галия Толегеновна 